

Жер реформасы бойынша комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 38-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 119-ө өкімімен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің 29.11.2016 № 119-ө өкімімен.

"Жер заңнамасының жекелеген нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормаларын талқылау және түсіндіру әрі ұсыныстар әзірлеу үшін:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Жер реформасы бойынша комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2016 жылғы 11 мамырдағы
№ 38-ө өкіміне
қосымша

Жер реформасы бойынша комиссияның құрамы

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің 01.07.2016 № 54-ө өкімімен.

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға
Құл-Мұхаммед Мұхтар Абдарұлы	- "Нұр Отан" партиясы Төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша), төрағаның орынбасары
Үшкемпіров Жақсылық Әміралыұлы	- "Жақсылық" шаруа қожалығының басшысы, қоғам қайраткері (келісім бойынша), төрағаның орынбасары
Абаев Дәурен Әскербекұлы	- Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Мырзахметов Асқар Исабекұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, төраға
Кравченко Андрей Николаевич	- Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)
Баймолдина Зәуреш Хамитқызы	- Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары
Айтаханов Қуаныш Айтаханұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Сағындықов Елеусін Наурызбайұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Дүйсебаев Жексенбай Қартабайұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Сабильянов Нұртай Салихұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Тілеухан Бекболат Қанайұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Смағұл Бахытбек	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Платонов Артур Станиславович	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы	- "Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамының ректоры (келісім бойынша)
Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы	- Қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)
Қалиев Ғани Әлімұлы	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы - Аграрлық білімді, ғылымды және өндірісті ықпалдастыру, агроөнеркәсіптік кешеннің кадр әлеуетін дамыту жөніндегі комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, "Президенттік мәдениет орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
Сағитов Абай Оразұлы	"Өсімдіктерді қорғау ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)
Оразалиев Рахым Алмабекұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)

Косарев Владислав Борисович	- Қазақстан коммунистік халықтық партиясы Орталық комитетінің құрметті хатшысы (келісім бойынша)
Перуашев А з а т Тұрлыбекұлы	- "Ақ жол" демократиялық партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Бектаев Ә л и Әбдікәрімұлы	- "Ауыл" халықтық патриоттық партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Сұлтанғали С е р і к Сұлтанғалиұлы	- "Бірлік" партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Тұяқбай Жармахан Айтбайұлы	- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия төрағасы (келісім бойынша)
Озғанбаев Өмірзақ Озғанбайұлы	- "Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестіктің орталық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Сәбден Оразалы Сәбденұлы	- Қазақстан ғалымдар одағының президенті (келісім бойынша)
Ерімбетов Нұрлан Кенжебекұлы	- "Қазақстан азаматтық альянсы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Әлтаев Нұржан Бауыржанұлы	- "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Сауэр И в а н Адамович	- "Родина" агрофирмасының бас директоры, "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралка мүшесі (келісім бойынша)
Батталова Зәуреш Қабылбекқызы	- "Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры" Акционерлік қоғамының директоры (келісім бойынша)
Дарынов Әуезхан Кәмешұлы	- "Қазақстан фермерлер одағы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Бақтыбаев С а й ы н Рысбайұлы	- "Қазақ мақта қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Сағындықов А л и к Сабырбекұлы	- "Қазақстан агроодағы" ауыл шаруашылығы кооперативтерінің республикалық қауымдастығы (келісім бойынша)
Бисетаев Қайрат Серікбайұлы	- "Қазақстан картоп өсірушілері одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Оспанов Нұрлан Елеусізұлы	- "Қазақстан астық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

Г а н Евгений Альбертович	- "Астық өндеушілер және нан пісірушілер одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Әбдікәрімов Мақсат Серікұлы	- "Бағбандар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Жанғоразов Ибрагим Дәуітұлы	- "Ижевский" өндірістік кооперативінің басшысы, "Қазақстанның құс есірушілер одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі (келісім бойынша)
Досмұхамбетов Темірхан Мыңайдарұлы	- "Байсерке-агро" агроөнеркәсіптік кешен басшысы (келісім бойынша)
Жексенбай Бибігүл Нұрғалиқызы	- Бас редакторлар клубының басшысы (келісім бойынша)
Құдайбергенов Олжас	- "Макроэкономикалық зерттеулер одағы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)
Әбенев Мұрат Абдуламитұлы	- Қоғам қайраткері (келісім бойынша)
Көшімов Досмұханбет Қалмаханұлы	- "Ұлтты тағдыры" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Тайжан Мұхтар	- Болатхан Тайжан атындағы қорының президенті (келісім бойынша)
С а р ы м Айдос	- саясаттанушы (келісім бойынша)
Қуанбаев Нұрлыбек	- "Желтоқсан" халықтық-патриоттық қозғалысының басшысы (келісім бойынша)
Бабамұратов Дәурен	- "Болашақ" жастар қозғалысының басшысы (келісім бойынша)
Жандосов Ораз Әлиұлы	- "Ракурс" экономикалық талдау орталығы" қоғамдық қорының директоры (келісім бойынша)
Қожахметов Асылбек Базарбайұлы	- "Almaty Management University" білім беру мекемесінің президенті (келісім бойынша)
Шибұтов М а р а т Максұмұлы	- Саясаттанушы (келісім бойынша)
Шаханов Мұхтар	- "Жалын" журналының бас редакторы (келісім бойынша)
Әшімжанов Жанарбек Садықұлы	- Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Құлкенов Мереке	- Қазақстан Жазушылар одағының өкілі (келісім бойынша)
Ә к і м Жанұзақ	- Халықаралық адам институтының басшысы (келісім бойынша)

Ерманов Жүрсін Молдашұлы	- Ақын, журналист (келісім бойынша)
Бәшімов Марат Советұлы	- Еуропалық құқық және адам құқығы сараптамалық институтының директоры (келісім бойынша)
Боқаев Макс Кебенұлы	- "Арлан" үкіметтік емес ұйымының төрағасы (келісім бойынша)
Әбдіғали Берік	- Саясаттанушы (келісім бойынша)
Нұрыпбаев Мақсат Ілиясұлы	- Құқық қорғаушы (келісім бойынша)
Ысқақов Нартай Жұматайұлы	- "Нарол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты (келісім бойынша)
Сағналин Нұрлан	- "АкТеп" компаниясының директоры (келісім бойынша)
Жапарқұл Тасқын Тұрғанғазыұлы	- "Ернар" шаруа қожалығының басшысы (келісім бойынша)
Сұлтанов Сабыржан Қыдырсихұлы	- "Құрманғазы" өндірістік кооперативінің төрағасы (келісім бойынша)
Тұмабаев Мұхит Тоғысқанұлы	- "Приречное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы (келісім бойынша)
Манатов Саха Ұзақұлы	- "Манат" шаруа қожалығының басшысы (келісім бойынша)
Ашығалиев Қатауолла Мерәліұлы	- "Ақас" агрофирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)
Төребеков Абдолла Төребекұлы	- "Қазақстан фермерлер одағы" қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша облыстық филиалының төрағасы (келісім бойынша)
Буканов Сайран Балкенұлы	- "Каркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)
Имандосов Самұрат Жұманұлы	- "РЗА" акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)
Поляков Александр Владимирович	- "Победа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы (келісім бойынша)
Рафальский Анатолий Брониславович	- "Тайынша Астық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы (келісім бойынша)

Абасов Қайнар Бегалыұлы	- "Мақта компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)
Сейбағытов Даржол	- Ауыл шаруашылық саласының еңбек ардагері (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2016 жылғы 11 мамырдағы
№ 38-ө өкімімен
бекітілген

Жер реформасы бойынша комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Жер реформасы бойынша комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормаларын түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады, сондай-ақ өңірлердегі қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

4. Комиссияның отырыстары Комиссия төрағасы айқындайтын күндері өткізіледі.

2. Комиссияның міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері жер заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

6. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Комиссияның хаттамалық шешімімен бекітілетін Комиссияның жұмыс регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

